

Қоғамда көзге көрінбейтін, бірақ салдары ауыр мәселелер бар. Олар уақытында айтылмаса, дер кезінде назар аударылмаса, ертең орны толмас өкінішке айналуы мүмкін. «Бүгін үндемесек – ертең кеш болады» деген сөз дәл осындай жағдайларға қатысты айтылғандай.

БҮГІН ҮНДЕМЕСЕК – ЕРТЕҢ КЕШ БОЛАДЫ

Қазіргі қоғамда адамдар бір-біріне жақын жүргенімен, жан дүниесі алыстап бара жатқандай. Отбасындағы үнсіздік, бала мен ата-ана арасындағы түсінбеушілік, айналадағы әділетсіздікке бейжай қарау – осының бәрі үлкен мәселелердің бастамасы. Үндемеу кейде сабыр емес, жауапкершіліктен қашу болып шығады. Әсіресе, бала тәрбиесіне қатысты мәселелерде үнсіздік қауіпті. Баланың ішкі жан дүниесіндегі күйзеліс, жалғыздық сезімі дер кезінде байқалмаса, оның болашағына кері әсерін тигізуі мүмкін. Баланы тыңдау, оның ойын, сезімін түсіну – ата-ананың басты міндеті. Себебі бала дауысы естілмеген жерде, ертең қоғам да үнсіз ұрпаққа тап болуы ықтимал. Қоғамдық ортада да дәл солай. Заңсыздықты көріп, әділетсіздікке куә бола тұра, «маған қатысы жоқ» деп теріс айналу – ортақ мәселеге көз жұму деген сөз. Ал көз жұму – сол мәселенің өршуіне жол беру.

Үндемеу – бейтараптық емес. Бұл – кейде үнсіз келісімнің көрінісі. Сондықтан қоғамдағы әрбір азаматтың сөзі, пікірі маңызды. Әр айтылған ой, әр көтерілген мәселе – өзгеріске бастайтын қадам. Бүгін айтылған шындық, бүгін көрсетілген бейжай еместік ертеңгі қауіптің алдын алады. Себебі уақытында көтерілген мәселе ғана шешімін табады. Бүгін үндемесек – ертең кеш болады. Бұл – ескерту ғана емес, әрқайсымызға арналған үндеу.

А. Туражан, «Жанұя» отбасын қолдау орталығы КММ-нің БАҚ және қоғаммен байланыс жөніндегі маманы

Благодарность

От всего сердца выражаю благодарность врачу-терапевту **Айсұлу Болатовне**, медсестре **Асие Шариповой** и всему медперсоналу за профессионализм и чуткое отношение к пациентам. Желаю здоровья, семейного счастья, благополучия и успехов в вашем благородном труде.

С/б: Лобанова Нина Павловна (10 палата)

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ

Ақпан айының бірінші бейсенбісінде ата-лп өтетін дүниежүзілік сайлау күніне орай Қаратал аудандық аумақтық сайлау комиссиясының бастамасымен оқушылар мен студенттер арасында бірқатар танымдық және тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Аталған іс-шаралардың негізгі мақсаты – жас ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыру, сайлау институтының маңызын түсіндіру және азаматтық белсенділікті қалыптастыру болып табылады.

Атап айтқанда, Үштөбе гуманитарлық колледжі студенттерінің арасында дебат, № 13 орта мектебінде «Тоғызқұмалақтан» аудандық турнир, аумақтық сайлау комиссиясында «Ашық есік күні», жас сайлаушылар клубының отырысы сияқты кездесулер өтті. Іс шараға белсенділік танытқан оқушылар мен студенттерге түрлі марапаттар табысталды.

Сонымен қатар, қатысушыларға сайлау жүйесінің негізгі қағидаттары, азаматтардың сайлау құқықтары мен міндеттері, демократиялық қоғамдағы сайлаудың рөлі туралы кеңінен мәлімет

берілді. Мұндай форматтағы шаралар жас буынның өз ойын еркін жеткізуіне, қоғамдық мәселелерге бейжай қарамауына ықпал етті деп ойлаймыз. Дүниежүзілік сайлау күніне арналған іс-шаралар жастардың саяси мәдениетін арттыруға, заңға құрметпен қарауға және ел

«Электоралдық принциптер – сайлаушы сенімінің негізі»



Заңустемдігі - Тәуелсіздік - Ашықтық - Инклюзивтік Сайлау комиссияларының кәсібилігі мен адалдылығы



болашағына жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Алдағы уақытта да осы бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, жас азаматтардың құқықтық санасын нығайтуға бағытталған іс-шаралар тұрақты түрде өткізілмек.

Сайлау – демократиялық қоғамның басты тірегі, ал оның әділ әрі ашық өтуі сайлау жүйесінде еңбек етіп жүрген әрбір комиссия мүшесіне, оның кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты. Осы тұрғыда ауданымыздың сайлау саласының барлық ардагерлерін, аумақтық, округтік, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін Дүниежүзілік сайлау күнімен құттықтаймыз! Осы мерейлі күні бар-шаңызға мықты денсаулық, отбасы амандығын, еңбектеріңізге табыс және қоғамдық қызметтеріңізге сәттілік тілейміз!

Қаратал аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

Баскетбол

Өткен аптада Талдықорған қаласында баскетболдан облыстық ұлттық мектеп лигасы өз құзыреті шеңберінде кезекті ойындарын өткізді. Құрамы 9 – 11 сынып оқушыларынан жасақталған командалар арасында ауданымыздың намысын № 13 мектептің қыздар құрамасы қорғады. Үш топқа бөлініп сынға түскен бұрымдылар 3 күн бойы баскетбол көрігін қыздырды.

ҚЫЗДАРЫМЫЗ - 3-ШІ ОРЫНҒА ТАБАН ТІРЕДІ !



Өз тобының алғашқы кездесуінде қыздарымыз жеңімпаздыққа басты үміткер саналған Талдықорған қаласының командасын 22 – 11 есебімен ойсырата ұтты, бірақ келесі кезекте үштөбеліктерді былтырғы жылы облыс көлемінде өткен жарыстарда қарсылас шыдаптай, ешкімге дес бермеген ағынды Ақсудың бойжеткендері күтіп тұрды. Аланда өздерін айдын көлдегі аққудай еркін сезінетін Илиястай жыр жампозының туған жерінен келген спортшылар кермаралдай керіле аққан қаратал елінің туын көтерген құрбылары 30 – 24 есебімен жеңіп, үкідей үлгілдеген балғындарымызды алтын медальдің ауылынан алыстатты. «Таз ашуын тырнадан алады» дегендей, жерлестеріміз жартылай финалда «ауылы аралас, қойы қоралас» жатқан көршілеріміз Көксудің топқа салған еркелерімен бетпе-бет келіп, аса тартысты өткен ойында 23 – 21 есебімен Балпық кентінің баскетболшыларын жолдарынан тайдырды.

Ары қарай жаңа формат үлгісінде өткен сайыста қыздарымыз шалғайдағы Сарқан мен Алакөл ауданда-

рының құрамаларына есе жіберіп, 3-ші орынды қанағат тұтты. Қола медаль иегерлері атанып, ауылға қайтқан қыздарымызға әлі де шеберліктерін шындай түсу керек екендігі байқалды. Бір сайыста өзімізбен иық тірескен үш бірдей командаға жол беру, тым көптік етеді. Алдағы уақытта аруларымыз ойындарындағы кем-кетіктерін түзеу, техникo-тактикалық дайындықтарын арттырып, жігерлерін жанып алаң төсінде борандай соғып, желдей ұйытқып, оттай лаулап ойнайды деп сенеміз. Өткен лига сайысында командамыз төмендегі құрамда өнер көрсетті: Балжан Байдүсен, Аяжан Есімбек, Ақнұр Нұрлыбек, Айсұлу Әбділхалыққызы, Жанерке Еркімбек, Еркежан Немеребаева, Бағлан Мұсан, Әлима Жұмахан. Спорттағы қалыптасқан дәстүр бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубок, медаль және дипломдармен марапатталды. Тарыдай тал бойында бір міні жоқ үлбіреген қыздарымыз, тәжірибелі бапкер Садыхан Нұржановтың қол астында жаттығады.

Жексенбек АҚЫЛБЕКҰЛЫ

Профилактика травматизма на железнодорожном транспорте

Железнодорожный транспорт является одной из важнейших составляющих транспортной системы, обеспечивая перевозку пассажиров и грузов на большие расстояния. Несмотря на высокий уровень технической оснащенности и строгие регламенты безопасности, железная дорога остаётся зоной повышенной опасности. Профилактика травматизма на железнодорожном транспорте – важная социальная и производственная задача, направленная на сохранение жизни и здоровья людей.

Основные причины травматизма: нарушение правил поведения пассажирами и пешеходами; переход железнодорожных путей в не установленных местах; невнимательность и спешка; нахождение на объектах железной дороги в состоянии алкогольного или наркотического опьянения; несоблюдение требований охраны труда работниками железнодорожного транспорта; технические неисправности и износ оборудования. Особую опасность представляют попытки перебежать пути перед движущимся поездом, подниматься на вагоны, а также использование наушников и мобильных телефонов вблизи железнодорожных путей.

Сотрудниками линейного отдела полиции на станции Уштобе обращаются к пассажирам и жителям города с призывом строго соблюдать правила поведения на железнодорожном транспорте, требования техники безопасности и проявлять повышенную бдительность.

К. ЕНДИБАЕВ, начальник ЛОП на станции Уштобе, подполковник полиции

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР!

19.03.2026 жылы, сағат 11:00-де Жетісу облысы, Қаратал ауданы, Қаражиде ауылы, Д.Қонаев көшесі 12 мекенжайы бойынша, Жетісу облысының Қаратал ауданында орналасқан «Абай» кен орнында құм-кироржық тас қоспасын өндіру қарьері бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Зум видео конференцияға қосылу сілтемесі: Конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mfL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Әдемі фирмасы» ЖШС, БСН 010840004250, мекенжайы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Ынтымақ ауылы, Бөгенбай батыр көшесі, 53 ұй. Тел. 87758881133, too_firmaademi@mail.ru. Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйе ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: Р.А. Құрманғалиев, тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. «Жетісу облысының табиғи ресурстар және реттеу басқармасы» ММ, priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)32-98-67, Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 26.

ВНИМАНИЕ! ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ!

19.03.2026г., в 11:00 часов, по адресу: область Жетісу, Каратальский район, с. Каражиде, ул. Д. Қонаев 12 будет проводиться общественные слушания по карьеру добычи песчано-гравийной смеси на месторождении «Абаевское», расположенного в Каратальском районе области Жетісу. Ссылка на подключение Зум видео конференцию: Идентификатор конференции: 236 019 1471, Код доступа: jD3mfL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Фирма Әдемі», БИН 010840004250, адрес: область Жетісу, г. Талдықорған, с. Ынтымақ, ул. Бөгенбай Батыр 53. Тел. 87758881133, too_firmaademi@mail.ru. Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационно-системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта ИП «Курманғалиев Р.А.», тел. 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», priroda@zhetisu.gov.kz. Тел. 8(7282)32-98-67, г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26.